

Ақылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют аудандық әкімдігінің 2009 жылғы 16 ақпандағы N 22 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Мамлют ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 13 наурызда N 13-10-78 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют аудандық әкімдігінің 2010 жылғы 19 наурыздағы N 78 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют аудандық әкімдігінің 2010.03.19 N 78 Қаулысымен

Қазақстан Республикасы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңының 31-бабы 1-тармағы 13) тармақшасына, Қазақстан Республикасы «Халықты жұмыспен қамту туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 149 Заңының 7 және 20-бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қазақстан Республикасы «Жұмыспен қамту туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын жүзеге асыру туралы» 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 қаулысына сәйкес аудан әкімдігі **Қ А У Л Ы** **Е Т Е Д І :**

1. 2009 жылдың 1 қаңтарынан бастап төмендегі ақылы қоғамдық жұмыстар жүргізілсін :

1) тұрмыстық шаруашылық ұйымдарына қалалардың, елді мекендердің аулаларын жинауға көмек көрсету;

2) жол құрылысы және жолды жөндеу, су, газ құбырын, канализацияларды салу, кеспе тас және жол жиегінің тастарын салу, сондай-ақ сол жұмыстар үшін қосалқы материалдарды (құрылыс тастарын, қиыршық тас, плиталар, құм, т.б.) дайындау. Елді мекендердегі жолдарды ағымдағы жөндеу.(шұңқырларды және жол жиегін қолда бар материалдармен жабу, көпір салу, кіреберіс жолдарды жөндеу) ;

3) Солтүстік Қазақстан облысының республикалық маңызды автожолдарын ағымдағы жөндеу және ұстау бойынша жұмыстарды жүргізу;

4) мелиоративтік жұмыстар, сондай-ақ көктемгі-күзгі су тасқындарына байланысты жұмыстарды жүргізу;

5) тұрғын үйлер құрылысына, оларды қайта салу және күрделі жөндеуге қатысу. Әлеуметтік және мәдени маңызы бар коммуналдық меншік болып табылатын мәдениет үйі, денсаулық сақтау (ауруханалар, фельдшерлік-акушерлік пункттер) және білім беру объектілері, селолық округ

әкімдері аппараттары және басқа да бюджеттік ұйымдар үшін жалға берілген ғимараттар, егер осы мақсатқа жергілікті бюджетте қаражат қарастырылмаған болса немесе объектілерді тиісті түрде ұстау үшін ол қаражат жеткіліксіз болса) объектілерде қысқа дайындау, жөндеу және құрылыс жұмыстарын жүргізу жөнiнде көмек көрсету ;

6) тарихи-сәулет ескерткіштерін, кешенін және қорық аймақтарын қалпына келтіру ;

7) өңірді экологиялық сауықтыру (аумақтарды көгалдандыру және көркейту, ағаш отырғызу, гүлзарлар бөлу), орман шаруашылығын, дем алатын жерлерді және саяхат аймақтарын сақтау және жетілдіру, қаңғырма жануарларды аулау);

8) спорттық іс-шараларды, мерейтой салтанаттарын, мемлекеттік мерекелерге арналған іс-шараларды дайындауға қатысу, соның ішінде мұз қалашықтарын салудағы қосалқы жұмыстарды да орындау;

9) республикалық және аймақтық қоғамдық науқандарға (сауалнама жүргізу, халық санағы, халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау мәселелері жөнiндегі статистикалық тексеріс) қатысу;

10) халықтың аз қамтамасыз етілген жіктері және жалғызбасты қарттар, жаңадан қоныс аударған оралмандар, сондай-ақ қала мен аудандардың әлеуметтік-тұрмыстық мәдениет объектілері үшін отын және жемазық дайындауға, көмірді артуға, жеткізуге және түсіруге көмек көрсету;

11) үй шаруашылығы санағын жүргізуге және шаруашылық кітабын жасауға көмек көрсету ;

12) аудан әкімінің коммуналдық меншігіндегі әлеуметтік-мәдени бағыттағы маңызы бар объектілерді, сондай-ақ бос тұрған ғимараттарды күзету;

13) шалғай елді мекендерде тұратын тұрғындардың төлқұжаты жөнiндегі ұйымдастыру жұмыстарына (халықты төлқұжаттау үшін қажетті құжаттарды жинау және ресімдеу жөнiндегі көмек) уақытша көмек көрсету;

14) селолық елді мекендерде қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуде құқық қорғау органдарына жәрдемдесу отрядтарына қатысу;

15) есірткі заттарын тарату және пайдаланудың болжамалы жерлерінде, сенім пункттерінде волонтер ретіндегі жұмыс;

16) балалардың, жасөспірімдердің, жастардың бос уақытын балалар-жасөспірімдер клубтары арқылы ұйымдастыру жөнiндегі бір жолғы жұмысты (мерекелік және мерейтой даталарына дайындық) өткізу;

17) саябақтар, скверлер аумағын (жеке меншік объектілерінен басқа) көркейту және күзету ;

18) зираттарды, қоқыс жинайтын жерлерді көгалдандыру, соның ішінде қалдықтар жинауды ұйымдастыру ;

19) бюджеттік ұйымдар мен мемлекеттік мекемелерде жылу беру маусымы

кезінде пеш жағушы ретіндегі жұмыс;

20) жалғызбасты ауру қарт азаматтарды күту (тамақ, дәрі-дәрмек сатып әкелу, үй ішін жинау, ағарту, еден сырлау, кір жуу, көкөніс отырғызу, арам шөп жұлу және жинау);

21) иесіз қалған жылжымайтын мүлікті анықтауға көмек көрсету;

22) тұрғындарды тұрақты жері бойынша құжаттауда және тіркеуде техникалық қызмет көрсету;

23) оралмандарды қабылдау және жайластыру жөніндегі тапсырмаларды орындау;

24) мемлекеттік тілдегі өтініштер бойынша іс жүргізуде көмек көрсету;

25) құжаттарды өңдеуге және сақтауға даярлауға көмектесу;

26) жұмыспен қамту мәселелері және 18 жасқа дейінгі балалы отбасыларға мемлекеттік жәрдемақылар тағайындау кезінде қажетті құжаттарды жинау жөнінде көмек көрсету;

27) су және жылумен қамтамасыз ету саласында өзінің монополияландыру жағдайы күшінде және әлеуметтік-экономикалық маңыздылығы тура мемлекеттік басқаруды талап ететін жергілікті инфрақұрылымдардың тіршілік жүйесін қамтамасыз ету үшін тұрғын үй- коммуналдық шаруашылығының ұйымдарына көмек көрсету.

2. Селолық округтер мен Мамлютка қаласының әкімдері, Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы әкімдігінің Мамлют ауданы әкімінің аппараты жанындағы шаруашылық жүргізу құқығындағы «Коммунсервис» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны ақылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастырсын.

Қоғамдық жұмыстардың нақты жағдайы, еңбек ақысының көлемі жұмыс беруші мен жұмысшының арасындағы жеке еңбек келісімшартында көрсетілген.

3. Мамлют ауданының қаржы бөлімі аудандық мәслихаттың сессиясында сәйкес қаржылық жылға бекітілген бюджеттің қаржысы шегінде ақылы қоғамдық жұмыстарды қаржыландырсын.

4. Мамлют ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөліміне Қазақстан Республикасының «Жұмыспен қамту туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 20-бабы 2-тармағына сәйкес азаматтардың қоғамдық жұмыстарға қатысуы тізімге тіркелген күніне сәйкес жүзеге асырылсын, мақсатты топтарға енген жұмыссыз азаматтардың қоғамдық жұмысқа қатысу құқығы басыңқы болып табылады.

5. Мамлют ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөліміне қоғамдық жұмыспен қамтамасыз етілген азаматтарға ақы төлеу облыс әкімдігінің «Қоғамдық жұмыстарды қаржыландыруды және жұмыссыздардың

кәсіби даярлығын,біліктілігін арттыруды, қайта даярлауды ұйымдастыру жөніндегі Ережені бекіту туралы» 2001 жылғы 19 шілдедегі № 38 (2001 жылғы 30 шілдедегі тіркеу № 398) қаулысы негізінде төленеді.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары
С . Б . Б ә к е е в к е жү к т е л с і н .

7. Аудан әкімдігінің осы қаулысы бірінші ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Б. Нұғыманов